

А 2007
71к


КЕЛІС РАХЫМЖАНОВ



ҚАЛҒҰТЫ

КЕЛІС РАХЫМЖАНОВ

ҚАЛҒҰТЫ



"Сөздік-Словарь"
2006

Бұл туынды Мәдениет, ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шықты

P24 **Рахымжанов К.**

Қалғұты. —Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2006.— 288 бет.

ISBN9965-409-99-4

Бұл жинаққа қаламгердің кейінгі жылдары баспасөз бетінде жарияланып, оқырман қауым жылы қабылдаған бірқатар әңгімелері енді. Онда бүгінгі замандастарымыздың бейбіт өмірі мен игі мақсаттар жолындағы адал еңбегі, достық, адамгершілік сезімдері шынайы суреттеледі.

ББК 84(5Қаз)-5

P 4702250201
00(05)-06

Анам Тілеулестің рухына арнадым.
Автор

ҚАЗЫНА

Тоқпақ жалды жирен ат көсіле аяндап, иесі сауырына қамшы тигізсе жорта жөнеледі. Тұяқбай тобылғы сапты қамшысын жүріс ырғағымен сауырға сипағаны болмаса сілтемейді. Тобылғы жирен Тұяқбайға қымбат, әсіресе осындай алыс жолға шыдамды.

— Апырай, жердің де, елдің де құты мал екен-ау, — деп ойлады ол. — Мына өлкенің өліктей боп жансыз құлазып жатқанын қарашы. Осы мезгілде ел көшіп, қаптаған қалың тракторлар егінге, шөпке шығып, ағылып жатушы еді. Сай-сала, кезең-кезеңнің асты отар-отар қой болып, қыр ассаң, жатушы еді жерге таласып, қаптап, маңайды өріс қылып. Айналасы алты-жеті жылда кетті ғой бәрі... Тұяқбай жоқ іздеушіден гөрі ойға батқан адамның кейпінде ат үстінде қимылсыз, жансыз адамдай кетіп барады. Ойы алыста. Қиялы алыс бір мекендерді кезіп кеткендей өзін-өзі ұмытқан. Жоқ іздегелі бір апта.

Ақшатау жері бір кездері аудандағы ең үлкен кеңшар еді. Мал санаған уәкілдер төрт ферменің малын екі-үш күнде көзбен көріп шығу үшін ғана зорға аралап бітетін. Сан-салалы, тау-тасты өлке, өзен-сағасы, кең жазығы мол алуан қырлы мекен осы. Оңтүстігі сонау Шұбартау, Қарағандыға, батысы Абыралы, Құндыздыға тірелетін жанға да, малға да жайлы таулы, орманды өлкенің суы да мол, жері де күйқалы. Көктемде жарыса ағып, алды алды Аякөз, Бақанасқа құятын Ащысу, Қалғұты, Терісайрық өзендері жазғыпұрым тасығанда өткел бермеуші еді. Қырық жыл бойы атом сыналған полигон кесірінен айналасы жиырма-отыз жылда өзен-сулар тартылып, ағаштар қурап, табиғат өле бастаған.

Өткенді ойласа-ақ болды, Тұяқбайдың жаны ауырып сала береді. Мұның жастық шағымен бірге қазақ өлкесінің мол, мамыражай, байлық пен шаттыққа толы дәуірі келмесе кетіп бара жатқандай.

Күн кешкірген сайын салқындай берді. Аспан шайдай ашық. Ой үстіндегі жалғыз атты өзінің жоқ іздеуші екені есіне түскенде, “апырай” деді күдігі күшейіп, еріксіз қозғалақтап, осынау кең мекенде жөн сұрар бір адам жоқ дегенге сенбегендей көзімен

алыс қырларды, жансыз өлкені шолып кетті. “Апырай” деп ойлады тағы, осыныша құлазып, иеп қалады деп кім ойлаған. Бүкіл ауылдың малын жиса бәрі жиылып бес-алты отарға жетпейді. Бұрын отыз-қырық отар қалай сыйған десейші. Енді сол қалған бес-алты отардың өзі бір-бірінің қайда отырғанын білмейді. Оның өзі аралары жиырма-отыз шақырым шалғай. Арнайы іздеп шықпаған адам таба алмайды. Бір шалғайдағы Айғыздың шатында ауылдың бойдақ малын бағып отырған Абылдың үйіне түп ортасында зорға жеткен. Қоңыртаудан кештетіп шыққаннан болар, екі-үш сағатта тыңайып, тынығып қалған екен, қалың ұйқыдан әрең оялды. Таңсәріде үйден сусын ғана ішіп аттанған мұны Абыл қыр басына дейін шығарып салып тұрып:

— Тәке, бұл маңайдың жорғалаған тышқанына дейін біліп отырмыз. Жолдан қиыс, бір таудың қуысы демеңіз. Бұл жақты мына Шұбартау, Құндыздының да жолаушы, жоқ іздеуші, із кесушілері жортып жүреді. Сіздің малыңыз із-түзсіз болса, ой жаққа түсіп кетті-ау сол, — деген. Онысы Аякөзге, ет базарына өтіп кетті ме деген қауіп еді.

...Тұяқбайдың неше күнгі сабылып, тыным көрмей іздегені жылқы болатын. Екі бие, екі құнан, бір тай еді. Өмір бойы маңдай терімен жиған бар малы осы. Амал не. Жер алды ма, жел алды ма қыруар, есіл еңбек бір-ақ күнде ұшты да кетті.

Таңмен таласа тұрғандағы ойы орталыққа бармақ. Ендігі жолы солай түседі. Асықпай, қона жатып, ауылдағы жылқысы барлармен сөйлеспек. Кімнің жылқысы қайда, жоғалғаны бар ма, ұрыдан не хабар, ауыл төңірегінде бағусыз жүретін үйірлерде бөтен мал жоқ па, соны білмек. Ауыл күзекке жақын, жылда өзі қыстап шығатын Қарашоқыдан бес шақырым арыда. Бір кездегі бес жүз үйлі үлкен ауыл, енді міне, көше келе қалғаны жүз үйлі кішкене мекенге айналған. Көшкенде бұзып әкеткен көп үйлердің орнында бүгін шашылып үйіндісі жатыр.

* * *

Таңға жуық ит тынбай үрді. Тұяқбай оқыс оянып, айналаны түп қараңғысына қарамай шолып шыққан. Шығыс жақтан таң белгісі білініп еді. Ертеңгі күннің ашық болатынын сездіріп, көкте жыпырлап тұрған түнгі жұлдыздар таң белгісімен бірге көмескі тартып, алыстап, жоғалып барады. Түннен қалған ызғарға ұқсап салқын жел соқты. Тұяқбай арқасына шапанын желбегейі жамылып, басына тақиясын киіп, иттің үргені басылғанша айналаны қарайлап, тұсап жіберген атын үй сыртына әкеліп арқандады.

Шайдан кейін бата қайырып, бетін сипап, қамшысына қолын соза бергенде өзен жақтан жылқы кісінеді. Тұяқбай жүрегі дүрсілдеп, есік көзінен айнала, өзенге көз тікті. Қалың

шидің арасынан қасқа тайдың жоны қылтиып, ауылға қарап, кісінеп-кісінеп жіберді.

Шылбыр сүйреткен қасқа тай әбден терлеген, өзеннен өткенде су шашыраса керек денесі бусанып, бауырынан сорғалап, су тамшылайды. Ойқастай шауып, өзінің туып-өскен мекен-тұрағын сезгендей, қотан жақты орай желіп өтіп, белдеудегі ертгеулі тұрған жиренге таяды.

— Қасқа, қасқа тай, — деп ат дорбасын көтеріп үйден Қатна шықты.

Қасқа тай бала қолынан құлын күнінде тәтті жеп, жем жеп үйренген. Қасқа тайға кішкене Азат жайдақ мініп, шапқылап мал қайыратып. Ойда жоқта із-түзсіз жоғалып кетіп, бес бірдей бастан кішкене тайдың шылбырын сүйретіп жалғыз оралуы Тұяқбайды еріксіз күдікке батырды. Араға суық қол кіргеніне ешқандай күмән қалмады.

Не болса да Тұяқбайдың түнімен шартарапты кезген тынымсыз ойы тиянақ іздеді. Сол іздегені көзге көрінбесе де таяп келіп, осы маңайда жүргендей. Тағы да бірдеңенің шеті шыға ма деген оймен жирен атқа мініп орталыққа жолсызбен келе жатыр. Оң қапталдағы кара жолда тор биеге арба жеккен біреу қарсы желіп келеді. Тұяқбай аттың басын солай бұрып, таяп келгенде байқады, ауылда молда боп жүретін насыбайшы Болдек шал екен. Қарсы жүріп кеп, тоқтап амандасты. Тұяқбай қаттырақ дауыстап, жөнін айтты. Шал шөпке кетіп барады екен. Мұның жоқ іздегенін естіп:

— Сен қазір түп-тура Қыдырбай мұғалімге бар. Кеше түнде әкесінің аты ұрланыпты. Бүкіл ауыл естіді. Семіз еді, біреулер мініп кеткен сияқты. Қыдырбай қалаға барғыштап, базарда ет сататын қарындасы бар екен, сол арқылы ізін тапқан сияқты, бір білсе сол біледі. Ешқайда бұрылма. Тура соған бар, ал бөгелме, жолың болсын, — деді.

— Жолым болатын сияқты, ия, құдай, — деп ішінен бір сиынып ап Тұяқбай атын асыға басқызып, әлгі мұғалімнің үйін зорға іздеп тапты. Ұзыннан-ұзақ өзен жағалай орналасқан ауыл сырт көзге шағын болғанымен, ішін аралап, жағалай керек үйін іздеген адамға үлкен сияқтанып, шет-шегі жоқ боп көрінетіні болушы еді. Жоқ іздеушіге де таңертеңнен бергі аз уақыт ұзақ бір мерзімдей, ал кішкене ауыл қыртысы бөтен, танымайтын адамы көп қала сияқты боп кеткендей. Ауылдың көбі қалаға көшкенде осында бұрыннан орта шаруасы, малы бар адамдар қор жинап, үйлерін үлкейтіп, арзанға мал сатып алып, әртүрлі кәсіппен тұрмыстарын ондай бастаған. Соның бірі осы — Қыдырбай. Бұрын мұғалім, сельсовет болдым демей егін салып, мал жиып, шаруа ашқан. Қазір ол айналасы биік қақпамен қоршалған ауланың ішінде Тұяқбайға белгісіз шетелдік машинаны жөндеп отыр.

— Ой, қарағым Қыдырбай темір таяғым тебендей болды жоқ іздеп. Өзіңіз де жоқ іздеді деген соң, жоқты жоқ табады ғой деп сұрай кеп тұрмын, — деді Тұяқбай ашық қақпадан тыста тұрған бойы қысқа амандықтан кейін.

— Япыр-ай, біз бір басқа осынша қиналып, іздеу салып жатқанда, төрт бас дегеніңіз қыруар мал ғой. Мал ашуы, жан ашуы. Ұры алса, аңдып, басынып алады. Танып, байқап барып алады. Табамыз. Бір із бар сияқты, қазір ауданға жүргелі отырмын. Малыңызды түстеп тани алсаңыз, бірге барайық, — деді. — Біздің мал сойылып, базарға түсіп кетіпті. Бүгін мелисасына беріп, сойып өткізгендердің үйін тінтуге рұхсат аламыз. Көріңіз бізбен барып...

— Сойылып кетті, — дегенді естігенде жаман күдік жүрегін суырып кеткендей болды. Тұрған орнында сәл теңселіп, қамшысын укалап, қысқылай берді. Қыдырбай мәшинесін жөндегенше жаңа ауылдағы қарындасының үйіне келіп, атын қораға кіргізіп, бір құшақ шөп салғызып, сыртынан құлыптатып тастады. Қарындасы бәрін естіп отыр екен, малдың жоғалғанына бұдан бетер қиналып, есесіне шай қойып, тамақ істеп, біресе айран, біресе қымыз құйып әуре болды. “Сегіз бала оңай ма мына заманда. Өзі жүдепті-ау. Бір жері ауырмай ма екен” — деп ойлады Тұяқбай.

— Шүкір, аман, — деді қарындасы ағасының сұрағына. Күйеуінің ескі тракторы бар. Совхоз тарағанда көп жылғы еңбегіне тигені сол ескі трактор ғана. Қолы жеткендер мал да, жаңа техника да алды. Бұлар сол ескіге де риза. Өзі де білінбей, біртіндеп тарады ғой совхозы. Қыруар мал бар еді, айырбас деді, ортақ боп отыра береміз деді, өркім әрқалай тартып жүріп таратты, әйтеуір. Сөйтіп жүргенде ненің қайда кетіп, кімнің не алғанын да білмей қалды ел. Бәрі біткеннен кейін әшейін долбармен анау жеді, мынау алды деп бірталай сөз қылды. Сөз қылғанмен орнына келе ме, кім алса да сол малдар осы ауылда болса жүрсе керек еді өрісте. Көлденең қолдың көп жегені рас еді. Бірақ оны айтқанмен қайта оңала ма, енді сол азын-аулақ қолда қалған малын бағып отыр ел баяғыша. Кедейі кедей, орташасы орташа. Бірақ олардың да кейбірі есін жиып, қыруар мал өсіріп бай атана бастады. Ал бұның күйеу баласы жүр жалғыз трактормен пішен шауып. Ала жаздай далада. Осы ауылдағы елдің қыстық шөбін дайындап, қораларына қар түскенше тасып береді. Ондайды кәсіп еткендер де аз емес. Әйтеуір, ауылда қарап отырған жоқ. Қарап отырса қайтер еді түкке жарамай, онсыз да шөп басын сындырмай, айлап жүріп алатын жалқаулар аз ба. Малға да, жанға да жанұшырып жүретін осы Жанбүбі. Тұяқбай қарындасын іштей аяп, онысын байқатпай:

— Балалар қалай? — деді.

— Жүр ғой базар, сауда деп. Оқу бітірді, жұмыс жоқ.

— Малға әкелу керек-ау, соларды қайта, — деді Тұяқбай.

— Қайдан келсін малға, өкелерінің қыры жоқ. Менің кузауыммен істейді бірдене істесе. Әйтпесе о да жоқ, — деді.

— Мал шіркін де баққанға бітеді ғой, — деді Тұяқбай оны қостағандай. Жанбүбінің қорасына атын кіргізіп, алдына шөп салғызып, үстіндегі ерін алып суытқанша біраз өтті. Кетерінде дұрыстап шай ішпей, бір-екі кесе қымыз ішкені сол еді, Қыдырбайдың өзі де машинасымен іздеп келе қалды. Құрым етігімді сүйретіп біраз жер еді енді қалай барам деп отырған Тұяқбай бұған қуанып қалды.

Машина іші жылы екен. Радио ойнап тұр. Қарындасына “атыма дұрыстап қара” деп қайта-қайта тапсырып жолға шыққанда, Тұяқбай осы сапарым оңды болады-ау деп ойлады.

* * *

Жол бұзылып кетіпті. Баяғы ескі тас жол көп жыл жөнделмеген соң әр жерден ойдым-ойдым қазылып, кедір-бұдыр шұқанақ болып, әбден қараусыз қалған екен. Өшейінде жүйрік мәшине еріксіз тұсалып, жарты сағаттық жолға бір сағаттан артық жүрді. Қыдырбайдың танымайтыны бар ма, қаланың кіре берісіне тоқтап, көк қақпалы үйден мелиса формасын киген мұртты қара жігітті ертіп алды. Қабағы түксиген, жуан дауысты мелисаға:

— Мына кісі де жоқ іздеуші екен. Бұл кісінікі төрт бас жылқы. Соны іздеп кеп отыр, — деді Қыдырбай.

— Сойылған мал жалғыз болмаса керек. Таныса қазір апарайық. Бірақ қазірден бастап айтып қояйын, алған адамдар өз ауылдарыңдікі. Үш адам. Екеуі ауылдікі, біреуі базарда ет шабушы. Іздерін жасырып кететін болған соң, тінтуді түнде жүргіздік. Әзірше бізден қапы жоқ. Айтың таптық. Ал одан ары қарай заңмен қимылдайсың ба, кешірім бересің бе, өзін біл. Біздің қазекенде бір әдет бар. Бастабында бірденені бөлесе алмай заңға жүгінеді де, істің беті түрмеге қарай бұрылып, қатайып бара жатқанда тайғанақтап кетеді, — деді. Мына өңі суық заң адамының түрме, заң, өз адамдарың деп отырғаны Тұяқбайға біртүрлі жат көрінді. Жалпы милиция, заң, сот дегенге бұл өмірі жолап көрмеген. Атын естісе болды, қорқып, өмірі бір жоламайтын нәрсесіндей алыс боп көрінуші еді. Енді міне ол да қасында отыр. Тұяқбайдың өзіне қауіптен қарап қойғанын білген кісіше анау лапкісінен бір бет қағаз алып, Қыдырбайға берді. Жол үстінде келе жатқан машина кілт тоқтады.

— Ой, мынау сіздің жиен ғой, — деді сенімді түрде келе жатқан Қыдырбай әлденеден шегіншектеп. Машинасымен жол ортасына тоқтай қалуы да сол өз көзіне өзі сенбегендігі еді.

— Жиені несі? — Тұяқбай.

— Жанбүбінің баласы ше? — деді Қыдырбай қынжылып.
— Біз оны ұры алды деп дабырайтып жүрсек, шығарып беруші қасымызда екен ғой. Әлгі екіншісі де бізге құда боп келеді.

Мұны естігенде түкке түсінбей пысынап терлеп кетті. Бір жағы туысындай боп жоқ іздесіп жүрген адамның да малын ұрлаушы жақын адам боп шыққанда, өзінен-өзі кінәлі екенін білмей тосын, көлденең шаруаға киігіп қалғандай қысылып отырды. Со бойы көлікке мініп, малды көруге дейін біраз жүргенше, өз құлағына өзі сенбеді. Қайталап, анықтап сұрауға бір жағы ұялды, бір жағы онсыз да біреуге ілесіп келіп жүргенде, ренжи ме деп үнсіз қалды. Ақыры бұлар іздеген үйін тауып, какпа алдына кеп машинадан түсті.

— Тәке, еіңіз ішке, — деді Қыдырбай мұны алға жіберіп. Тұяқбай жүрегі бірдеңені сезгендей аттай тулап, аяғын зорға басып келеді. Тап-тар аулада үйілген топырақты аттап өтіп, терезесі сығырайған, оттығы бар ағаш қораға кірді. Айнала салбырай ілінген көп ет. Малдың бірнеше терісін тұздап, бұрышқа үйе салыпты. Әлдебір аласа орындықта бас, сирақтар жайрап жатыр. Үңіле қарап, қасына келді. Қолымен біреуін аударып, тартып қалғанда, екіншісі де бұған бетімен бағжаң етіп төңкеріліп түсті. Көздері ашылып қалған. Жылқы мандайына қолы тиісі мүң екен, құлынынан мәпелеп өсірген сүйікті жануардың рәсуә болғанына іші ашып, көзінен жас шықты.

— Иттер-ай, жайратты-ау, бар малымның басы еді, — деді жылап тұрып. Бұлай болады деп ойламаса керек меліса мен Қыдырбай оны жұбатып:

— Қалай болғанда да малыңыз табылып тұр. Мүлде табылмағанда қайтер едіңіз, — деп сабырға шақырды. Ауыл адамының мына етті енді сатуға шығарып, пұл қыла алмасын біліп, екеулеп жүріп көлікпен тиісті жерге жөнелттірді.

Базардағы ет шабатындар, өлшейтіндер, көтерме бағадан бөлікке бағаға шығаратындар қолдан-қолға өткізіп, кеш бата базар жабыларда екі жылқы, екі құлынды пұлдап Қыдырбаймен есеп айырысты.

Осы істердің ортасында жүріп ұрылар туралы ойлануға екеуінің де мұршасы болмап еді. Тек кешке қарай ауылға кетер алдында ғана Тұяқбай қарындасы есіне түсіп, іші біртүрлі елжіреп кетті.

— Әлгі балаларды не істейміз? — деді көңілсіз үнмен. — Бейшаралар сотталып кетеді ғой енді. Туыс адам.

— Босаттырамыз, — деді Қыдырбай.

— Қыдырбай қарағым, сен мұны тісіңнен шығара көрме, ел естімесін. Дос бар, дұшпан бар. Ертең не айтады сыртымыздан, кім білсін. Онсыз да аз ағайын бір-екі желікбастың ісіне бола алауыз бола қоймас. Тек өздерін енді қайтып беттемес қып

қойындар. Бірақ сот дегенге жолата көрмендер карағым. Көшірім қағазынды бер, қол қояйын, аргысын өзің реттерсің, — деді. Өмірі көрмеген нәрсем сот болса деуші ем, өзің бір жайлы қып аяғын дұрыс аяқта елдің абыройын төкпейтін азаматсың ғой, — деді.

* * *

Сол күні екі жоқшы ауылға түнделете қайтып, Тұяқбайдың күзегінен бір-ақ шыққан. Үй иесі түнімен қой сойып, қонақ күтіп, ертеңіне тағы бір семіз қойды машинасына тірідей салып беріп, алмаймын, рахмет дегеніне қарамай, — мұны алмасаң тіріде риза болмаймын. Қарызың мойнымда кетеді, — деп бәйек болып, туысындай күтіп шығарып салып еді. Барын жоғалтып, есеңгіреп қалған Тұяқбай арада бірнеше күн өткенде ғана өз-өзіне келіп, бұрынғы малшының ауыр бейнетіне қайтадан мойынсұнып, белдесе еніп кетіп еді. Өткендегі жоқ іздегенін ойласа, Қыдырбай есіне түссе: — Япырай, жақсы адам қазына ғой. Туысындай болып көмектескенін айтсаңшы. Кәдімгі тірі бір қазынаға жолыққандай қылды ғой. Жақсы адам — қазына ғой шіркін, — деп отыратын болды.

СЕЗІК ПЕН СЕНІМ

Аралхан талаптың арқасында жастай бастық болды. Өмірінің жиырма жылы мектепте өтті. Қызметі ылғи басшылық. Бір орнығып отырып алған соң, соған өзі әбден үйреніп кеткен. Жақсы ма, жаман ба, әйтеуір, бастықпын деп кейде өңмендеп кететін өркөкіректігі де бар. Ешкімнің өзінің алдын орағанын қаламайды. Иіліп-бүгіліп бәрі қоғаша жапырылып тұрса дейтін пендешілдік ойлары басымдап кетіп, сәл ұнамаған нәрсесіне шала бүлініп, әлек-шәлегі шығатын ұйтқыма мінезі де бар. Сәл нәрсеге қуанып, сәл нәрсеге қуарып мазасыздықпен өткен жиырма жыл оны іштей кеміріп еді. Енді міне, бірдеңеге қатты ашуланса, соны көтере алмай, көз алды көгеріп, басы қорғасындай ауырлап, шүйдесі қан қақсап, екі көзі қып-қызыл боп қанталап жатып қалатынды шығарды. Ұзаққа созылып, ақыры әдет сияқты болып, жазылмастай бойына сіңген осы ауруды ойлап кетсе, — бір күні жатқан жерімнен тұрмай қалам ба? — деп қорқады. Осындай, әлі елуге келмеген қайрағты шағында қызмет деген пәледен таза құтылып, жай ғана жауапкершілігі аздау қатардағы мұғалім боп кетуді де ойлайды. Қорқады бірақ. Жұрттың екі нығын жұлып жеген мансапқор, әділет, кісілік дегенді білмейтін дойыр, қайырымсыздығынан қорқады. Ол үшін осы өмірдегі барлық жақсылық пен жаман-

дықты қызмет қана безбенге салып, таразылап, теңгеріп тұратындай. Өстіп жүргенде жұмыста Ермек екеуі қатты айтысып қалып, ескі ауруы қозып Аралхан ауруханада ұзағырақ жатып қалды.

* * *

Күн сенбі. Мектеп іші абыр-сабыр. Балалар ойын-сауыққа, биге дайындалуда. Алда демалыс. Оқушылар концерт өткізіп, кеш болып демалып қалады. Алмас концертті ұйымдастырып, іздегендерін тауып беріп, топтың ортасында жүр. “Тапқыштар клубы” өнер көрсетті. Жүргізуші — Алмастың өзі. Көзі күлімдеген, бойшаң, әдеміше жігіт. Жастардың көбі “Алмас, Алмас” деп үйіріліп осының қасында. Алмасқа бірінші — Аралхан сенеді. Тәуір көреді. Бұ да сенімді. Айтқанын істеп, қате демей, теріс демей лыпып тұрады. Адамға үдірейіп қарау, тірі азапқа салғандай сөзбен шалып жіберу мұнда жоқ. Үлкен-кіші демей қоян-қолтық келіп араласа береді. Үлкендерге де жағып алған. Алмасты қызметке қойғанда, Аралхан алғашында “Осы істей алар ма екен” деп күдіктеніп еді, онысы бекер екен. Бастықты күдікке кіргізген Алмастың әкесі — Алдонғар. Апырандаған, адуын адам. Көрші ауылда мал дәрігері еді. Сол бастабында “балама дұрыс қызмет бер, жолын ашып бер” деп келген. Мұндайды көрмеген Аралханға үлкен адамның қылығы өрескел көрінді. Нұртаза да кекеп күлген. “Малға сатып алатын совхоздың шаруасы деп ойлайды ғой” деп. Алмас туралы Аралхан ойланбапты да. Бұрынғы көмекші, ұйымдастырушы өз ауылындағы мектепке ауысып кеткенде, бұның қолы қысқарып қалғандай еді. Байқап көру үшін Алмасты сол орынға уақытша қойды. Бірер ай істеген соң ісінен пәлендей шалағайлық таппай, түбегейлі бекітті. Енді, міне Аралхан ауруханада жатып та, қызметін жүргізеді. Алмас оң көзі. Оқу, үлгерім туралы Нұртаза тіпті өзі үшін жауап береді. Нұртазаны ыза қылатын нәрсе — бастықтың өзіне толық сенбеуі. Қайдағы бір балаға жауапты нәрселерді тапсырып, содан сұрайтыны, кабинетке кіріп алып, бұған байқатпай ақылдасып отыратыны.

* * *

Нұртаза есікті іштен жауып алып, оқушылардан алынған бақылаудың қорытындысын тексерді. Ана жақта жұрт шулап, араның ұясындай гулеп жатыр. Ойын жүргізуші самбырлап микрофонмен сөйлейді. Бос тұрған мектеп іші күңгірлеп, жаңғырып тұр. Нұртаза тысқа, таза ауаға шығып, айналаны шолды. Бұрышта бойы сорайған екі ұл шылым шегіп тұр екен, бұны көріп қолындағыны тастай салып тұра қашты. Көрсенде көрмеген болып, Нұртаза мектепті айналып, асхана, қойма жақты аралады. Ағаштың қалқасынан шыға беріп еді, алдынан

сөмке көтерген екі қыз өтті. Үркіп қалып, тосын адамды танымай қас қарайған уақытта жеткен жерлеріне қуанғандай кілтін сылдырлатып қосымша кластың есігін ашты. Күңкілдесін, ақырын сөйлейді. “Бұлар не істеп жүр” деп Нұртаза терезеге қараса, үш-төрт партаны біріктіріп, екеуі стол жасап жүр. “Е. шай ішпек болған ғой жиылып” — деп ойлады. Олардың мұнысы түсініксіздеу, балалық болып көрінді. Айына екі-үш рет бас қосып, билеп қонақ болу бұларға әдепкі шаруа. Мектепте мұғалима көп. Олар жиналып отырғасын ауылдың жігіттері келеді. Тіпті қаладан да іздеп келеді. Бірақ әзірге бұлар жиналғанда сөйтіпті дейтін бөтен әңгіме шыққан емес. Тек өткенде жігіттер өзді-өздері алысып ойнап жүріп терезенің әйнегін шағып алғандарын айтып отыр еді. Нұртаза оны сөз арасында, қасынан өтіп бара жатып, аналар өткен оқиғаны даңғырлап айтып отырған жерінен естіген.

— Байқандар, — деген Нұртаза сол жолы, — Аралхан болса жоқ. Бүгінгі үйіне ертерек кетіп қалмай айналаны шолып жүруі де содан еді. Жастардың сауық кеші созылып барып, қызыл іңірде бітті. Далада аяз. Жұрттың алды дабырласын тарап жатыр. Спорт залын жаңғыртып батыстың бір желаяқ, айғайшыл әуенін қойып, ересек оқушылар жапырлап бiне кіріскен. Арасында әскерден келген, мектеп бітірген ауыл жастары да жүр. Нұртаза Алмасты шақыртып, мектептің айналасына сенімді деген төрт-бес оқушыдан кезекші қойдырды. Қолдарына қызыл шүберек байлатып, кірер есікке де бірер оқушыны тұрғызды. Мұнысы балаларға ешкім жоқ екен дегізбей, сырт көз бар екенін сездіру еді. Жастар шулап, топырлап, терлеп ұзақ биледі. Ақыры би де аяқталып, жұрттың алды қайта бастағанда, Нұртаза да есік жабуды, кейінгі жағын бақылауды күзетшіге тапсырып үйге қайтты.

* * *

Нұртаза жеңіл киімнің сыртынан тон мен малақайын, қоныр пимасын киіп жатар алдында далаға шықты. Ай жап-жарық. Жүзі дөңгеленіп, толыса түсіп, аспанның бұлт торлаған алыстау жағынан анық көрініп, біртіндеп шет жағасы бұлтты қорғалай бастаған. Ауыл ай астында ағарып, тыныш ұйқымен мүлгіп жатыр. Әр тұстан әуілдеп ұйқылы иттердің еріне үрген дыбысы шығады. Ауа тап-таза. Түннің сәл шыңылтыр аязы болмаса, далада ұзақ жүріп серуендеуге, түн тыныштығын тамашалауға болатындай. Нұртаза біраз жүргенде тынысы кеңіп, ұйықтар алдында тыңайып, жеңілдеп қалғандай болды. Сол бетімен далада тағы да біраз жүріп, үйге беттеп еді. Бір кезде мектеп жақтан айқайлап дабырлаған, ышқыған, жалынған оқыс дауыстар шықты. Құлақ тігіп еді, әлгі дыбыстар тына қалып, басқаша болып алыстан естілгендей бірде

анық, бірде көмескіленіп шықты. Мүмкін әлі үйлеріне қайтпаған ойын балалары шығар деп тағы біраз тұрып еді, түнгі дауыстар үлкендердің шын, анық жанжалын еске түсіре берді.

— Қап, мыналар шулатып жүрмесе игі еді, — деп Нұртаза үйге кірмей киімін қымтана түсіп, мектеп жаққа қарай жүрді. Түнгі дауыстар жақындаған сайын зорайып, көбейе, анықтала түсті. Мектеп алыс емес. Нұртаза ә дегенше-ақ жүгіріп жетіп келді. Есін жинап ойлануға да мұршасы болған жоқ. Қараса Ермек пен Алмас далбаңдап ақ қардың үстінде Елеместі қуып жүр. Үшеуі де кәстөмшен, бастары жалаңбас. Елемес қашып жүр. Сүрініп кетіп, жығылып барып қайта тұрып қашады. Ана екеуі қоян қуғандай қол-аяғын бірдей сермеп, теуіп ұрып Елеместі қулатып жүр. Кіжінген, ышқынған дауыстар зорая түседі. Елемес қашып кеп, ескі қораның бұрышына жете бергенде, аяғы тайып жығылды. Жанталасып тұра бергенде, Ермек қуып жетіп, үстіне міне түсіп, дулыраған шашынан алды.

— Жерді асат, топырақ жесін, — деді Алмас алқынып. Басын көтере берген Елеместі жұдырықтап екі жағынан ұра бастады. Нұртаза да таяқ тастам жерге келіп қалып еді. Мұны көре салып, Ермек:

— Ойбай Нүрекен, — деп айдалаға қашты. Алқынып тұрған Алмас Нұртазаны көргенде екі қолын көтеріп шегіне берді.

— Өзі кінәлі, өзі кінәлі, — деді ыржалақтап.

— Жалғыз адамға неге жабыласыңдар, — деді Нұртаза ызадан қалшылдап. — Жоғалыңдар, көзіме көрінбей.

Қатқан қарды күтір-күтір басып екеуі ай жарығымен ұзап бара жатты. Жүрістері жау түсіріп, бірдене тындырғандай алшаң көрінгенімен, шықтары түсіпкі. аяқ басыстары сенімсіздеу еді.

Елемес қызу екен. Жығылып жатқан жерінен қолын таянып өзі түрегелді. Нұртазаны жөнді танымай теңселіп біраз тұрды.

— Нүреке, мені үйге апарып салыңыз, — мұны таныған соң. — Жазығым жоқ. Өңшең көк бөрі. Талады ғой мені. Обал жоқ өзіме. Ех, надап ғой бұлар.

Елеместің мына қылықтарына ызасы келіп тұрса да, Нұртаза оны қазір далаға қалдыруға да, үйіне апаруға да болмайтынын біліп, қолтықтап алды. Елеместің жалғыз шешесінен басқа туысы жоқ екенін білуші еді. Сондықтан мас күйінде үлкен адамның көзінше алып барса, арақты Нұртаза ішкізгендей қоруды да мүмкін. Екеуі түнгі көшеде әңгімелесе жүріп, Нұртазаның есік алдына келді. Елемес өмірге икемсіз, жолы болмаған, жасы отыздан асып, өз қатары әлдеқашан бала-шағалы боп кетсе де, үйлене алмай жүрген жігіт еді. Тұрмысы да жұшаны. Өзі әрнениң амалын ойлап, кейбіреулер сияқты өтірік айтуды да білмейді. Көбіне кітап оқып, ешкімге қосылмай оқиша жүреді. Елеместі жақсы көретін балалар. Мұның сабағы да қызық өтеді. Небір теңтек балалар Елемеске ондай мінез

көрсетпейді. Қайта соның үйіне барып, отын-шөбіне көмектесіп жүреді. Несі ұнамағанын кім білсін, Елеместі қырына алған адамның бірі — Аралхан. Сағат бөлгенде Нұртаза артық қалған бірер сағатты Елемеске зорға бергізген. Осы күйіне қарамай Елемес кісінің де, жұмыстың да жетімсіз жерін тез тауып сынағып, айтқып та. Нұртазаға осы ұнаушы еді. Аралхан мен Алмастарға бұл мінезі тікенше қадалып, екеуі мұның басқан ізін аңдып, көзден таса қылмайтын. Екеуінің бұл мінезіне күліп:

— Осы Елемес бірдеңе бұлдіреді дегенге кім сенеді, — деп Аралханға ашық айта беруші еді. Бүгінгі жағжал да сол жұмыс төңірегіндегі кикілжіңнен шықса керек. Нұртаза жігіттің қайғысын тыңдап, жеткен ақылын айтып, көп отырды. Біраз шай ішіп, жылынып алған соң үйіне қайтпақ болған Елемеске:

— Маған неғыл дейсің енді. Сағатыңды бердім. Білімді, өз басыңды қадірлеймін. Алдыңнан шыққан жерім жоқ. Керек десең, әлгі екеуін ертең алдыңа жығып берейін. Кешірім сұрасын. Басқа не келеді қолымнан, — деді.

— Ештеңе керек емес, Нүреке. Сіздей адамның болғанына рахмет!— деді Елемес кетерінде. Нұртаза есік алдында қол алысып тұрып жымылып күлді.

* * *

Осы оқиғадан кейін Алмас, — бізді Елеместің алдына жығып беріп, кешірім сұратты — деп Нұртаны көп уақыт жақтырмай жүрді. Онысын ашық айта алмай жасырып ініне сақтады. Оңаша жолығып қалғанда, ол әңгімені қозғамай айналып кетіп, көзге жақсы көрінгендей боп жүріп жатты. Нұртаза сол оқиғадан кейін екеуін оңаша шақырып алып, кешірім сұратқаны рас. Алмас:

— Оның өзі кінәлі еді. Білім жоқ сендерде. Дипломды сатып алғансыңдар деп соқтыққан өзі, — дегенде Нұртаза кеңкілден ұзақ күлген. Осы күлкі Алмасты әбден ажуалап қорлағандай еді. Шынында да мұның оқу бітіруінде, түсуінде, бітіріп шықса да көп шикілігінде осындай себептің жатқаны да рас еді. Ондай оқуды тамыр-таныспен бітіріп, кейін қызмет істей алмай жүргендер бұл мектепте де жетерлік. Әйтеуір Алмастың көп шикілігін Аралханмен тәуір қатынасы жауып кетеді. Әйтпесе мұның да дайындық дәрежесі, білім мен қабілеті әлгідей дүмбілез жастардан алыстап кетпейтін. Алмас та намысқа тырысып, Елеместен кешірім сұрамауға бекінгенде Нұртаза:

— Екеуіңді жақсылап заңға берсе, қызметпен хош айтысын. ол аз болса адамды зәбірлеп қорлағандарың үшін бірер жылды арқалап сотталып кетулерін мүмкін, — деп қорқытқан. Үлкен адамның осылай сөйлегені Алмасқа өділдікті жақтау емес, көпекөрінеу өзіне жасалған қысым сияқты болып көрініп, еріксіз

Елеместен кешірім сұрауға мәжбүр болған. Бірақ сол оқиғадан соң осы екеуіне деген бір салқындық пайда болып, олар туралы күдікшіл Аралханға неше түрлі сөздер де жеткізе жүрді. Нұртаза Елемеспен бірігіп топ құрып жүр ме деген күдігін де білдіре кетті. Бастық мектептегі оқу, үлгерім, тәртіп жағына көбірек алаңдайды екен. Әсіресе тәртіп жағын көбірек сұрады. Зәбира мен Нұртаза жайын, Елеместің әңгімесін анықтап білді. Кетерінде бұған:

— Қызметіңе абай бол. Нұртazаның жасы үлкен. Оның айтқанын тыңда, — деді. Онысы өзім жоқта екеуара келісе алмай, дұрдараз бола ма деген күдік еді. Жалғыз өзі мектептің қыруар жұмысынан шыға алмай жүрген шығар деп Нұртazаның көңіл сұрай келмегеніне де ренжи қоймады. Көңілінің алыстау түкпірінде одан да зор қорқыныш өткір тырнағын батыруға кірісті. Ой көзін жүгіртсе, бұның дұрыстап жұмыс істемейтінін, анаумен алысып, мынаумен алысып, адам таңдап татулық жайға келтірем деп жүретінін жұрт басқаша бағалайды екен. Тіпті Нұртazаның өзі де әзілдеп кейде бас бермей тұрған нәрсені:

— Соған араласып қайтесіз. Мен өзім-ақ сөйлесіп, тыңдыра салам ғой, — дейтін болыпты. Сонда бұған не қызмет қалмақ. Сабакқа қатысуды ұнатпайды, педагогикалық кеңесті Нұртаза жүргізеді. Толқып тұрған, наразы болған жұртты Нұртаза теңгереді. Аралхан тораға боп, Нұртazаның аузына қарайды. Тізгінді беріп, сол арқылы бәрін ұқсатып, сымдай ғып түзетеді. Кейде осыған өзі намыстанып, бірденеге араласа қалса, орынсыз жайға килігіп, бүйректен сирақ шығарып, ойламаған тұстан дау тудырады. Ал Нұртаза қып-қызыл даудың ортасында жүріп-ақ жанған оттан үнемі аман шығады. Екеуі біріксе жұмылған жұдырықтай, аралары сәл ашылса жұрт әңгіме жүгіртіп, бірін-біріне жамандап, сумандап сөз тасиды. Аралханның қаңқу сөзді тыңдайтыны да болушы еді. Ауруханада жатқан бір айда сол сөздер тыныш ұйықтатуды қойып еді.

* * *

Бүгінгі демалысты Нұртаза бей-берекет өткізді. Ерте тұрып мал жайғап кеп отыр еді. Кәрімнің немересі келіп шақырып кетті.

— Атам жіберді. Сізді шақырып жатыр. Құда келетін болды, — деді жаттап алған сөздерін айтып. Баланы бөгеп, анықтап сұрап еді жонді ештеңе айта алмады. Тілі жөнді келмесе де біраз жайдан хабары бар екен. Нұртаза артық ештеңе айтпай қойған баланың жинақылығына таң қалды. Кәрім деген бір құлағы жөнді естімейтін, бала кезден бірге өскен кәрі жолдасы. Өткен жазда кенже ұлын үйлендіріп еді. Құдасы қалада тұрады. Бөненің құятын жерде көп жыл бастық болған.

— Япырай, бір басында неше үй, он шақты мәшине, неше мәгезін, бай тұрады екен, — деп қолы бос жұрт бірталай әңгіме қылған. Көп мәшинесінің бірін құдасы Кәрімге беріп, оны өзі жүргізе алмай, Нұртазаның Қасымы жүргізіп беруші еді. Кәрімнің құдасы бармын деп шалқаймайтын, меіменшігі жоқ, әңгімешіл, ашық-жарқын адам. Қонаққа да бір-екі немересін, кенже ұлын, әйелін ерте келіпті. Әйелі елудің ішінде дейтін емес, үлбіреп киініп алып, жас келіншектей мөлдіреп отыр. Құдамның келгеніне деп Кәрімнің үйі көрші-қоланды, жақын туыстарды шақырып, шағын той қылды.

Түс ауа осы жердеп үйге қайтқанда, алдынан күзетші шал шығып:

— Сені мектепке Аралхан шақыртып жатыр. Іздетіл отыр. — деді. Нұртаза демалыс күндері мектепке баруды қаламайтын. Ал Аралхан оқта-текте сол жақта жүрсе мұнысын өрескел келіспейтін артық жүріс көретін. Сонша мазасызданып не көрінді деп таңырқайды. Одан да үй шаруасын істеп, дем аласы деп ойлайды. Бү жолы бастық шақырған соң, өзі қалама-са да мектепке келді. Ойында бөтен ештеңе жоқ. Аралханның атын естігенде:

— Жазылып шыққан ғой. Өткенде барып келгендер тәуір, таяуда шығады екен деген. Келгені дұрыс болды. Жұмыс жеңілдер еді, — деп ойлады.

Бүгін демалыс болған соң мектеп іші қаңырап бос тұр. Екінші қабатқа көтерілді. Аралхан өз кабинетінде айқайлап телефонмен сөйлесіп отыр. Нұртаза кірген бойда қуанған түрмен, сәлем беріп жылы амандасты. Бастығының денсаулығын сұрап, жағдайын біліп, қалаға іздеп арнайы бара алмағанына кешірім сұрады. Осының бәрін өз адамындай орынды қылып айтқанда, Аралхан да осыны айтып жатқан Нұртаза ма, апырау, бұл да бірталай өзгерген бе, одырайып тұрушы еді ебі болмай, — деп бір есеітен іштей таңырқап та қалды. Үнсіз қалуды жөн көрмей бұл да: — Естіп жатырмын, Нүреке. Бәрі ойдағыдай көрінеді. Өзім жоқта жоқтатпай орнымды басқаныңызға қуанып отырмын, рахмет, — деді. Бұдан арғы сөз күнделікті жұмыс төңірегіне көшті. Нұртаза да Аралхан сұраған кейбір жайларға тоқтанып жауап беріп отырды.

— Бәрі дұрыс. Түгел өзіңіз көргендегідей. Әркім өз жұмысын істеп жүр. Әйелдер де, жастар да, балалар да. Үлгерім де, оқу да, тәртіп жағы да ойдағыдай, — деп тәптіштеп айтып өтті. — Бірер күн өтсе өзіңіз байқайсыз ғой...

* * *

Екі бастық мектептен түс ауа шықты. Айтқандай-ақ бірер апта жұмыс істеген бетте, Аралхан мектептегі барлық шаруаның бұрынғы өзі кеткен қалыпта екеніне көзі жетті. Бірақ

ішкі ризашылығын көп мақтаумен емес, мақұлдап қана салқын жеткізді. Нұртаза қызметіне салғырт қарамай, бар ынтасымен атқарып жүрсе де, бастықтың кабинетіне кіргенде әлдебір жасырын көз өнебойын, ішкі дүниесін ақтармалап, тінткілеп, сезімкүйін тек-сергіштеп шығаратыны несі деп ойлады. Осы көздер көбейіп, қызметке отырғаннан бері жаң-жағынан аңдып, бақылап тұратындай. Сол көздер сырт қимылын ғана емес, ойлаған ойын, қалт басқан қадамын бақылап жүргендей. Бұрын өзін әрдайым еркін сезінетін Нұртаза енді біртүрлі секем алғыш, күдікшіл, қорқақ адамға айналып барады.

— Шынында, бұрынғы күнім артық еді-ау, — деп ойлады ол. — Осыған несіне қызықтым екен.

РЕНІШ

Орта бойлы, ырғала басқан толықша сары келіншек ашуы басылмай сөйлеп жүр. Үй іші суық, кешеден бері от әлі жағылмаған. Бигүл күлі алынбаған пешке қарады, ескі тонын киіп алып күйеуі есікке таяу жерде кеткелі отыр.

— Инженер тракторынды шығар, — деді — мен жұмысқа кетем.

Бигүл дүрсе қоя берді:

— Қарашығым-ау, командировкадан сүрініп, үш күндік жолдан жеткенің түнде, тым болмаса бірер күн дем алып, киімінді жуғызып, ретке келмеймісің.

— Мен жұмысқа шықсам, киімім жуылмай қала ма? — деп Рахат әйеліне жақтырмай қарап еді, ол реніштен гөрі жанапырлық айтқан сияқтаңды.

Расында жұмысқа бармасам не етеді, — деп ойлады.

— Болмайды, — деді сосын, — жұмыстың аты жұмыс. Күйеуі үйден шыға берді де, бұрылып Бигүлді алдағаны ма, кешке еткені ме жымығандай болды.

— Әйі, қолғабыңды ұмыттың, — деп келіншегі артынан қуа шықты.

— Рахмет, тәтей. Сіз болмасаңыз киімімізді де дұрыстап кие алмаспыз. Түске дейін сау болыңыз.

— Ой, қу неме, — деп Бигүл күлді де еңгезердей Рахатты нығынан жұдырығымен нұқып қойды.

* * *

Үйде түнде үлкен реніш болды, Рахат бір айлық командировкадан ақша таппай, соқа басы таң ата оралды. Бұлар ауылдың жеті-сегіз жігіті Сібірдің ағаш даярлайтын заводтарының біріне көмекке барған. Басшысыз, құлық, пайдакүнемдіктен ойлары жоқ бұларды ақысы төмен, күш көп жерге жұмсай береді.

Ауыл жігіттері шетінен қақ-соқта шаруасы жоқ, көбі әскер қатарынан оралғандар. Ішіндегі семьясы, үш баласы бар осы Рахат қана еді, қайтар күні еңбекақы есептегенде, бір ай қанғын, жүз сом тап-қанына басқалар онша қинала қоймаған. Жатқан орны, тамағына ұстай келгенде, қолда қалған қырық сомға Рахаттың іші ашыған. Сонымен келіпшегіне де, балаларына да қуанарлық базарлық ала алмай, үш күн поезбен жүріп үйге жеткен түнде еді.

— Аман келгеніңе рахмет, — дейтін Бигүл ме, Рахатты жерден алып, жерге салды. Оның бас пайдасын білмейтін алаңсарлығы, аңқау, ашық ауыздығы үлкен әңгіме болды. Егер әңгіме жанжалға ұласпаса, онда Бигүлдің жанына тигізбей өкпе қылып, ұрысқа айналдырмай айтқандығында шығар.

Таңертең ерте тұрып, жұмысқа от жақпай кетуінің де себебі осы реніште жатыр. Бигүл осы келгенде Рахатты оятып, пештің күлін алып, түскі ас даярлай бер демек еді. Күйеуін тағы қолды-аяққа тұрғызбай ала жөнелгенде, ашуын кімге білдірерін білмей Рахатқа дүрсе қоя беруі де осыдан.

Бигүл ыза бола жүріп “құрысыншы бәрі” деп ойлады. Төргі үйдің есігін жауып бүркыратпай пештің күлін алды. Дүрілдетіп пеш жақты. Суық үйде жатқан екі баласын тез оятып, әкесінің үйіне жетектеп апарды.

Әкесі екі айдан бері аурулы болатын, биік төсекте басына жастық төсеп, қасына кішкене орындық қойып шай ішіп отыр. Жүдеу. Сопақ бетінде айналасы әжімделген терең көзі мен бедерлі ерін, биік мұрны ғана байқалады. Жұқа, ағарған шапшы мен сүйегі, адырайған қолдары баяулығымен аурушандықты байқатады.

Бигүл шешінбей тұрып, ауыз үйден амандық сұрады. Шешесі кір жууға су ысытып, пешті айналсоқтап жүр. Бигүлдің бір баласы осында еді, мамалап етегіне жармасты. Рахат командироваға кеткелі бұлар осы үйге келуді жиілеткен. Оған бәрі үйреніп алған.

Өз үйлерінде асыр салатын Бигүлдің балалары мұнда келсе аяқтарының ұшынан басады. Қалден аталары тәртіпті ұнататын кісі, көп шуды жаратпайды. Бұл мінездер Бигүлге де дарыған.

Бигүл үйінде көлденең шөп жатпайтын пысық әйел. Үйдің ісін әбден ретке келтіріп, дала жұмысына да Рахатпен бірге кейде араласып кетеді. Мал суарады, шөп суырады, қар күрейді. Рахат бұны үйге кіргізе алмай әлек болады.

* * *

Қалден шал өмір бойы көлеңке баққан іш қатпары көп жанды. Тыңдырған оқу-тоқуы болмаса да есеп-шотқа жүйрік еді, онымен қоса ауылға келген басшыны майлы ішектей айналдырып алу бұның әдеті.

Содан ба, Қалден шалдың баласы шофер болса жаңа машина алады, үйленсе, тез үй алады, әйтеуір ел сияқты көп тарылып, зарыға қойған жоқ. Соның бірі Бигүл еді.

Қалден қартайып, билігі кетейін деді. Бұрын Бигүл үйге жиі қатынап, әкесінен көмек тілей беретін, бірер жылдан бері одан тыйылды. Жұмыстан қуыла жаздағанда, әкесіне шағым айтқан. Өткен түнде ұйықтай алмай жатып, папам бұрынғысынша қызметте отырса, Рахат табысты бұрынғыдан көбірек алар ма деп ойлады. Жасынан біреуге иек артып, қиындық көрмей ерке өскендікі ме, Бигүл кейде сенімді көмекші де іздейді. Рахат болса, қара басын алып, жұмыс істедім деп жүрісіне мәз, пайданды білмейді.

* * *

Түн. Бигүл тамақ жасады. Пеш ысып жанады, халатпен жүрген келіншек бойында бір бапты жайлылық бар. Бірғала басып, көзіне түскен шашын қайыра түсіп, үй шаруасымен кіріп-шығып Рахатты тосты. Даладан гүріл шықса, елендеп қояды. Балалары тамақтарын ішіп, әлдеқашан ұйықтап қалды.

Бигүл жалғызсырады. Күйеуі таңертең кеткеннен әлі жоқ, мүмкін, фермаға жем таратып кеткен болар. Онда қонып қалуы да мүмкін.

Бигүл түндегі қылықтарына өкінді. Сонсоң Рахаттың жүдеп, бұрынғы киімдерінің кеңіп кеткеніне біртүрлі күлкісі келді. Рахаттың тамаққа ашқарак, шыдамсыздығы есіне түсіп жалғыз отырса да мырс етіп күліп жіберді.

Біреудің үйінде тамақ қашап пысады, — деп қарап қалғып отырған Рахатты көргендей болды. Далада трактор дүрілдеді. Бұл келген Рахат еді.

Шыдамы таусылған Бигүл тонын кие сала жалаңбас далаға жүгіре шықты.

Түнгі аязға тонып, трактордың суын ағызып жүрген Рахатты көріп, мойнына асыла кеткісі келді.

Күйеуі назар аудармаған соң, көзіне бір тамшы жас үйіріліп, үйге кіріп шаруасымен айналыса берді.

ОРАЛУ

Мамыр мерекесінен соң, Қуан үлкен қоңыр сөмкесін сүйретіп үйіне қайтты. Бұның ауылға келмегеніне бір жылдан асқан, ақ шашты шешесі қуанып қарсы алды.

— О, Қуан ағам келді, — деп інілері секіріп мойнына асылды. Үй-іші мәре-сәре болып, жөн сұрасып жатыр.

— Е, жалған-ай, бұлар мені әлі арқа тұтады екен-ау, — деп

бір аяушылық, туыстық сезім жүрегін шым еткізіп, көзіне жас келтірді.

— Ал мен болсам, мынау...

Әкелері он жыл бұрын жіңішке аурудан жасы елуден асқанда о дүниелік болған. Шешелері жеті баламен қалғанда, үлкені осы Қуан болатын. Жағаға жармасқан жоқшылыққа қарамай, оған оқу бітіртіп, үйленгенде кәдімгідей той жасап берген шешесінің тіршілігі әлі балаларының үстінде. Қуан екі балалы болып, жасы отыздан асты, екі қарындасы тұрмыс құрды, екі бауыры отау тікті, ал мынау қоңыржай тіршілік бір өзгерсеші. Ұршығын иіріп, түнде күзетші, күндіз үй шаруасымен кәрі шеше жүр, осыдан он жыл бұрын осындай еді, әлі сол. Бір өзгерсеші. Мейірленіп, шуақтанып, алдында иіліп тұрған Қуанды екі бе-тінен кезек-кезек сүйді.

— Қарағым-ау, хабарсыз кеттің ғой! Амансыңдар ма. Тым болмаса хат-хабар да салмайсыңдар, — деп өкпесін де айтып жатыр. — Әлгі екі бұзық қайда. Неге ала келмедің Ғайшаны.

Шешесі сөйлеп жүріп ас қамдап, қазан көтерді. Қуан әртүрлі сылтау айтып: — Сіздердің жағдайларыңызды біліп қайтуға әдейі келдім. — Шешесіне, інілеріне базарлық алмағанына енді өкініп, бір жағы ұялап отыр. Әйеліне деген өкпесі жолшыбай тарқап кеткен. Әйеліммен ұрсысып қалдым деп шешесіне қайтпін айтсын. Ренжітіп алудан қорықты. Шешініп, жеңілденген соң үйдің ішін бір шолып шықты, ескі дүниелердің әлі сыны кетпепті. Айнала қолдан істелген текемет, оюлы түрлі-түспен күбылған сырмақ. Біздің әйелдер ғой “Ине ұстау білмейді” деп ойлады. Қабақ шытты. Бағанадан қуанып жанынан қалмай жүрген інісі Алданыш ағасына су жаңа магнитофонын көрсетті.

— Сен алып бер деп мазасын алдың ба? Жоқ мамаң өзі әперді ме? — деді.

Шешесі кенже ұлының жұмысқа жарағанына қуанып:

— Бұл інің жаздай жұмыс істеп былтыр ақша тапқан. Сосын сыйлық деп әпергенім ғой, — деп оны да түсіндіріп жатыр.

— Биыл жұмыс істеп мотоцикл аламын деп жүр.

Қуан інісінің шаруақорлығына разы болды. Қандай жұмыс кезігетінін кім білсін, бұған. Бұлар ондайды білмейтін. Қол босаса ойын соғатын, жұмыс істесе ақшасын шешелері алып, бұлар, керек десе, қанша тапқанын да сұрамайтын. Бәлкім есептеп, еңбектің құнын біліп өскені дұрыс шығар деп ойлады.

Әңгіме үстінде шай ішіп отырып ауыл жаңалықтарына қанды. Туған-туыс, көрші-қолаң, таныс жолдас-жоралардың жайын сұрастырды. Суыртпақтап сұраудың күшімен ата-енесі, келіншегі, балалардың жайын айтты.

— Құлыным-ау, әлгі Айбар қандай болды. Әкелмейсіңдер бір.

— Бөле тәте, ол шашын қайырып күнұзын айнаның алдынан

кетпейді. Небәрі үшінші оқиды. Кірпияздығы кімге тартқанын білмеймін, киімі үтіктелмесе мектепке бармай отырып алады.

— Құлыным-ау, — деп шешесі немересінің қылығына еміреніп отыр. Екі-үш жыл бұрын Қуан Айбарды таныссын, анасының қолында жүрсін деп бір жазда осында әкеп тастаған. Ауылды жатсынды ма, әлде үйді сағынды ма кім білсін, әйтеуір Айбар сіңбеді. Бірер жұмадан соң хабар салып Қуанның өзін шақыртып:

— Қой қарағым, мынауынды алып кет, сіңетін, үйренетін түрі жоқ, — деп шешесі немересін кейін қайырмаққа бекінген.

Ұлының жетесіздігіне кейіді ме, әйтеуір ес біле бастаған ұлына Қуан алып кетуге келгенде зекіп қатты ұрысқан:

— Ой ез. Жаудың үйінде, жаудың ортасында жүрмісің, қансыз қаның білмейтін, — деп зілденген. Бір жағы ұлына риза боп тұрса да шешесі немересін жақтап:

— Е, бұлар не білсін. Әлі бала емес пе. — Есейген соң, әлі-ақ апалап өзі іздеп келер, — деп жұбатқан. Содан кей түндері ұйықтамай жатып жат ауылда, қайын жұртында тұрақтап қалған ұлын аяп “қарғам-ай, әлдеқандай боп жүр екен” деп аяйтын. Немерелерінің өзіне қарағанда нағашы жұртына жақындығын кейде қызғанып, кеудесінде бір зілсіз, әлсіз өкініш бой көтеретін. Кейде көшеде Қуанның достары ұшыраса қап, қауқалақтап:

— Шешей жағдайыңыз қалай, Қуаннан хабар-ошар жоқ па? — деп амандық сұрасқанда:

— Е, қарағым шүкір, аманшылық қой, — дейтін. Ауылда жаманатқа ілігіп жүргендерді көргенде, Қуанның жаманшылығын көрсетпей, алыста жүргеніне шүкіршілік айтады.

Ауыл жаңалықтарына әбден қанып, кімнің баласы үйленгенін, кімнің туыс-жақыны қайтыс боп, кімнің келін түсіріп, қуанышты болғанын біліп алып, туыстарға, тапыстарға сәлем бермек боп, түс ауа Қуан далаға шыққан. “Алыстан алты жасар бала келсе, алдынан алпыстағы ақсақалы шығып сәлем берер” бұрынғының заманы жоқ. Ауылға келген соң келгендігіңді білдіріп сәлем бермесең, кім іздеп келер сені. Бұрынғының салтымен ауыл ақсақалдарына баруға Қуанның жүрегі дауаламады. Бірде Серік деген бірге оқыған досына барып, сол үйде Шалқарбай деген ақсақалға тап болған. Төр алдында малдас құрып нық отырған, көздері өткір, балуан денелі келбетті шал насыбай атып алып мұны кеп ал тергесін. Кімнің баласы екенін, қайда тұратынын, не жұмыс істейтінін — бәрін сұраған.

— Ал оқыған жігіт екенсің, оқығандығыңды көрейін, айтшы маған. Мойныша бұршақ сап тілеген шешенді жалғыз тастап, сен неге күшік күйеу боп қайын жұртыңда жүрсің. Жоқ жаным, құдай тағала кешірмейді, оны. Сен бәрінен бұрын анаңды разы қыл. Сонда ғана мейірімі күшті жасаған алла жолынды оңғарады.

Шалқарбай шалдың сол сөздері түндер бойы Қуанға ұйқы

бермейтін. Сондай адам ұятын мазалайтын сөздерден қорқып, ақсақалдарға көп жолай бермейтін. Елеусіз келіп, елеусіз кетуге тырысатын.

Туыс дейтін Қуанның көп туысы жоқ, бірақ әкесінің құрдастары, өзінің де көзтаныстары көп. Кейбірімен көшеде кезігіп, кейбірін іздеп барып амандасып, Қуан асықпай ауыл аралап кеш батырды. Күн жұма болған соң көктемнің жадырап қабағы ашылған жайма-шуақ күнін әркім әр қалай өткізуде. Магазинге сексен жәшік шарап түсіп, ішкілік іздеген, басы ауырған, не істерін білмей сенделгендер топтасып сол жақта жүр. Күн кешкіре үйлері қатар көрші тұратын екі інісіне кіріп шыққан Қуан кейін қайтпақ еді, ойына көптен сағынған парталас досы Қаби түсіп солай бұрылды.

Қаби мен Қуан дәудірлесіп, қатты-қатты сөйлеп, әрнені өңгімелеп отырғанда, нық жүрісті, етжеңді денесі былқылдай басқан Әлия дастарқан жасады.

Тамақ асып, өткен-кеткенді айтып, әңгімемен түннің бір жеріне дейін отырған бұлар Жалмұқанды барып оятпақ еді. Әлия кәдімгідей ашуланып екеуін жібермеді.

Ауыл ұйқыға кіргенде қараңғы көшелермен Қуан үйге қарай келе жатты. Өз-өзінен көтеріңкі бір дауыспен ән салғысы келеді. Көшенің түнгі салқынымен тоңазып қатқан балшығын резеңке етікпен кешіп келеді. Аспандағы самсаған көп жұлдыздарға карап “ертең күн жылы болады” деп ойлады. Ауыл шамдары әлдеқашан сөнген. Әр жерден қоралар, үйінділер үңірейеді. Көмескі бір жарықтар білінеді.

“Келгенім дұрыс болды — деп ойлады Қуан. — Тілеуің бергір Ғайшаны ренжіткенің мұндай жақсы болар ма? Енді өзі де өкініп мұны іздеп жатқан болар. Киімдерін, құжаттарын алып біржола кеткенін білсе, ертең-ақ жылап телефон соғар. Ал мен мұнда...”

Иә, бір жасап қалдым емес пе? Ертең Жалмұқанға барам... Есберген мен Қасымбек ауылда болса өздері-ақ іздеп келеді. Е-е, шіркін ойсыз балалық дәурен-ай! Оралсаң ғой тағы бір...”

АЛТЫН ҚОЛ

Қара күзде басшылармен келіспей қалған төрт-бес жұмысшы ойда жоқта демалысқа шықты. Ішінде Әшірбек те бар. Өмірі үйкүшік болмай, қара жұмысқа үйренген адам айналасы екі-үш күнде үй түгілі ауылға сыймады. — Ақыры қолың бос қой, мына бір шаруамды істеп бер, — деп қайта-қайта келген соң, кеше Ақпар шалдың күздік соғымын сойып, көп шаруасын реттеп берген. Жұрт бір соғымға жарымай, соның өзін әрэн

тауып, не қыстан ұсақ малдың етімен тыртысып, көктемге зорға жетіп жүрсе, Ақпар жылына екі соғым сояды. Өздері кемпір-шал. Балалары, немерелері көп, соларға кетеді бар жиғаны.

Қарашада сойған тайынша еті қантарға жетеді. Одан ары тағы бір соғым қорасында даяр тұрады. Ақпар шаруаға қырсыз адам. Жас күнінде есепші, қырман, ферма бастығы болды. Қазір қыры кеткен, мыржық шал. Балалары жас күніндегі өзі сияқты, шетінен бастық, табыс десе кез келген тесікке кіріп кетеді. Жұмыстың небір майлы, табысты жерінде жүреді. Ақпардың ендігі өмірі үндемей-ақ соларды емеурін, еппен басқарумен өтіп келеді. Бұған үйірілетіндер келіп-кетіп, үйден жұмысын бітіріп кететіндер. Қысыққөз шал қарны теңкиіп тек жатпайды. Қуырдақ қуыртады, ет асқызады. Арақ та, қымыз да ішеді. Онымен Әшірбекті де сыйлап бақты. “Жұмысыңды қоя тұр” деп ешкім болмай қалса, қасына отырғызып қояды. Қолдары көстендеген ұзынша арық кемпір:

— Әшірбек, сен тезірек шаруаңа кіріспесең, ол Ақпар отыра береді, — деп қузап қояды. Расында Ақпар саспайтын адам. Соғымды Әшірбек екі күн, екі түн сойса да бөрібір. Арақты станкаға толтыра құйса, кемпірі шыр-шыр етіп:

— Қой, ойбай, көп мынауың, қолың кесіп алады. Балта ұстайтын адам шауып алады бір жерін, — деп безек болады.

Кешке содан өлеңін айтып Әшекең кеш қайтқан еді.

* * *

Күз өтуге таянды. Жерде әлі қар жоқ. Екі-үш күн бұрын қалың жаңбыр түнімен жауып, артынан суық жүріп, миы шығып езілген жер қатып қалған. Өңменіңнен өткендей суық жел бар, ұшқындап қар білінеді. Бірақ жаумайды. Аспан түнеріп, қалың бұлт түйіліп келіп, жел қаттырақ соқса, ауып жөнеледі. Әшірбек қорадағы бес-он ұсағын айдап кезекке қосты. Малдың кезегі кімдікі екенін білмей, таяқ ұстағандар ауыл шетінде:

— Кеше кім бағып еді?

— Алдың күні біздікі болған, — деп дауласып тұр екен.

— Күн суық екен, кім де болса бүгін ересек адам баққаны дұрыс, — деп ескі тымағының оң құлағын көтеріп алған саптамалы шал таяғын шошаңдатып, жан-жақтан шұбырып келіп, иіріліп тұрған малды өріске айдай бастады.

— Әшеке, Ақпардың соғымын жықтың ба? — деп құрық сүйреткен біреу ат үстінен бұған айқайлап барады. Башай деген сиыршы. Езуінде күлкі. Аздап сайқымазақтығы бар. Табылса аузы-басы сүйреңдеп ішіп алады. Келеке қылып, қағытып ойнайтын біреу табылса, соны айналдырады. Өзінің тілі де ащы. Балалары ержеткенде қатыны өліп қалып, ауылдың қулары үгіттеп қояр да қоймай жас қатын алғызған. Онысы салақ, жүргіш біреу болып, ақыры соттасып жүріп зорға құтылып еді.

— Өзіме де обал жоқ, әкенің аузы, — деп күледі ыржиып. Оның да кейде соғым сойып, пеш қалап, құрылыс салып кететіні бар еді. Әшекеңе сол жағы жақын еді.

* * *

Әшекеңді бүгінгі шақырған Тілеудің үйі. Өзі бес-алты жыл бұрын машинадан аударылып қайтыс болған. Артында жеті-сегіз баласы қалып, еті тіріліктен, ерте есейіп жұмыс істеп, оқу оқып аяққа тұрып кетті. Қалжан жеңгейдің қолында қалғаны үш-төрт бала. Қисайған жаулығын түзеп қойып, үйге келсе де отыра алмайды. Топты баланы жұмсау орнына өзі жүгіреді. Дүкен деп, мал деп, су деп. Балалар сабақ оқысын десе, оны да жетістірмейді, көп ішінде қарайып жүреді. Әшекеңе Тілеу нағашы еді. Кеше кешкісін Қалжан жеңгей келіп:

— Тілеу марқұм Әшірбектің, қасында пышақ ұстамай-ақ қойдым, — деп ылғи өзіңе сойғызушы еді, жарықтық. Ағанның соғымын бұзып бер ертең, қарағым, — деген.

— Жоқ істей алмаймын, — дейтін Әшекең бар ма.

— Жарайды, — деді санқ етіп. Сол өзіне берік қалпымен өткір пышағын, ет шабатын балтасын қайрап, күн жылына Тілеудікіне келді. Екі жасар қоңыр тайынша күндегі жеп жүрген жем-шөпті бере ме деп қарайды қораға кіргендерге.

— Қай жерге жығамыз, — деді Әшекең. — Арқан қайда? Жығысатын адам жоқ па, қайда әлгі ұлдар. Қалжан бес жасар кенжесін жүгіртіп, Қадамтай деген көршісін алдыртты. Ол әлжуаз шынашақтай жігіт еді.

— Нағыз жыққыш, қарулыны таптыңыз ғой, — деп селкідеп күлген болды.

— Әшекеңнің қалжыңы киын, — деп ол қызарақтап ұзып арқанды ілмектеп, тайыншаның алдыңғы аяғын тұсап, арты аяғынан жығуға даярлады.

— Далаға жығуға болмай ма? — деді иесі.

— Өй, өкіріп-бақырып бүкіл ауылдың сиыры жиналады. — деді Әшірбек. Айтқандай-ақ, көрші қатындар қоңыр тайыншаның қан-жынын күресінге төгуге апаруы мұң екен, ойқастап өкіріп-бақырып айналаға сиыр, бұзау, тайынша-торпақ деймісің азан-қазан боп жиналып, дүрлікті де қалды.

— Ой, мыналар басты қатырды ғой, — деді Әшекең терезе алдындағы ақаңнан қырлы стақанмен орталай тартып жіберіп. Екі-үш қатын жылпылдап, буын бұрқыратып шек-қарын аршып жатыр.

— Ананы былай, мынаны алай, е, сойт, — деп Қалжан жас қатындарға үйретіп қояды. Қолындағы пышақты ебедейсіз ұстап, керек жерін таппай, мүше жігін батылсыз кескілеген бұйра бас жігітке Әшекең: